

## Қарағаш ауылдық округінің Самбай ауылының көшесін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарағаш ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 21 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 желтоқсанда № 6641 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Ақтөбе облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 4 қорытындысының негізінде, аумақ халқының пікірін ескере отырып, Қарағаш ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағаш ауылдық округінің Самбай ауылының келесі көшесі қайта аталсын:

"Центральная" көшесі - "Ақсарай" көшесіне.

2. "Қарағаш ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алға ауданы Қарағаш ауылдық  
округінің әкімі*

*Н. Таженов*